

"Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы N 132 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 шілдеде N 2581 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Долинный және Обручевский кен орындарының Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының шекаралары мен су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің алаңдарын анықтау және белгілеу ("Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде) жобасына сәйкес және су объектілерін ластанудан және сарқылудан қорғау мақсатында, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Белгіленсін:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының су қорғау аймағының аумағын шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі мен су қорғау белдеуінің аумағында шектеулі шаруашылық қызмет жүргізу режимі.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (В. Е. Чернецкий) Долинный және Обручевский кен орындарының Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының ("Қазмырыш" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен алаңдарын анықтау және белгілеу жобасын заңнамамен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Риддер қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу үшін және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В. Л. Кошелевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

Келісілді:

Су ресурстарын пайдалануды

реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс

бассейндік инспекциясының бастығы

Д. Тілеубаев

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігі Мемлекеттік санитарлық-

эпидемиологиялық қадағалау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

департаментінің директоры

Т. Ерубасев

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің

2012 жылғы "14" маусымдағы № 132

қаулысына қосымша

"Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскедегі Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

№ р/ с	Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
		Шекарасының ұзындығы, (шақырым)	Алаңы (га)	Орташа ені (метр)	Шекарасының ұзындығы, (шақырым)	Алаңы (га)	Орташа ені (метр)
	"Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскедегі Быстрый ключ және Безымянный бұлақтары	5,6	115,2	410-660	5,8	19,7	70-140

Ескертпе: су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені Долинный және Обручевский кен орындарының Быстрый ключ және Безымянный бұлақтарының шекаралары мен су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің алаңдарын анықтау және белгілеу ("Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Риддер тау-кен байыту кешенінің "Вентиляционный" және "Обручевский" шахта діндерінің құрылысы жобаланып отырған учаскеде) бекітілген жобасының картографиялық материалдарында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК